

**«№ 38 қазақ орта мектебі»КММ-нің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

23.05.2025ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «№38 қазақ орта мектебі» кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі негізінде 04-29.03 аралығында 2025ж 23.05 №78 бұйрығының негізінде мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2025ж 23.05 № 78 бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

1. Урекешова Л.Ш – мектеп директоры, комиссия төрағасы.
2. Айпанова Ж.М - директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
3. Далеева С.А - директордың әдістемелік жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
4. Мустафина А.А - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
5. Мадетхан П - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.

Комиссия құрамы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.
<u>білім беру ұйымының толық атауы</u> «№ 38 қазақ орта мектебі»КММ
білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). 030012, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, Ағ.Жұбановтар 261 А
заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт). Телефон: 45-81-75 Электронды пошта: 38-mektep@aktgoroo.kz сайты https://38mektep.edu.kz
заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі) Урекешова Лариса Шадшадиновна, «№ 38 қазақ орта мектебі»КММ 2021 жылғы 20желтоқсанында № 360 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған. Ұялы телефоны: 87758282777
құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының

және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама
2022 жылғы 22 ақпан берілген. БСН-970540000901.

рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 29.04.2020 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ70RVK00023671 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

12.1 Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

Зерделеу нәтижелері: Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесі жағдайда айқындалды: «№ 38 қазақ орта мектебі» КММ-нің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелері зерделенді.

2022-2023 оқу жылында «№ 38 қазақ орта мектебі» КММ-де оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **1 -қосымша 1-4** кластар үшін; **38, 39-қосымша 10,11** кластар үшін; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **6 -қосымша 5-9** кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Оқу пәндерінің тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті инварианттық компоненттегі оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес мектеп анықтаған құрамдас вариативтік компоненттер жұмыс оқу жоспарында бекітілген.

1-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық және вариативтік оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

2023-2024 оқу жылында «№ 38 қазақ орта мектебі» КММ-де оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж. 18.08. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **11 -қосымша 1-4** кластар үшін; ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен **16 -қосымша 5-9** кластар үшін; **85,86-қосымша 10-11**

кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті инварианттық компоненттегі оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес мектеп анықтаған құрамдас вариативтік компоненттер жұмыс оқу жоспарында бекітілген.

1-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық және вариативтік оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

2024-2025 оқу жылында «№ 38 қазақ орта мектебі» КММ-де оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығы, ҚР ОА министрінің 26.10.2024 жылғы №323 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті инварианттық компоненттегі оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес мектеп анықтаған құрамдас вариативтік компоненттер жұмыс оқу жоспарында бекітілген.

1-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспарына және МЖМБС талаптарына сәйкес құрылған. Оқу жоспарының инварианттық және вариативтік оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Сабақ кестесі. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kundelik.kz», «Bilim class»-ты пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2025жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik kz», Bilim class-ты пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған.

12.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу келесі жағдайды айқындады:

«№ 38 қазақ орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы, 2023-2024 оқу жылындағы, 2024-2025 оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша электронды журналдары тексерілді.

Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған.

Оқу процесін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. «kundelik.kz», «Bilimclass»-та сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің электронды журналдағы күнтізбелік-тақырыптық жоспары тексеріліп, сағат санының дұрыстығына көз жеткізу үшін «kundelik.kz», «Bilimclass» жүйесімен зерделенді.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, «kundelik.kz», «Bilimclass» журналын тексеру кезінде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. «Kundelik.kz», «Bilimclass» журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген.

Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2021-2022 оқу жылдарында «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру сақталған.

12.3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойынша ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының 2022 жылғы 02 қыркүйектегі №58 бұйрығы, 2023-2024 оқу жылында мектеп директорының 2023 жылдың 01 қыркүйегіндегі № 60 бұйрығы, 2024-2025 оқу жылында мектеп директорының 2024 жылдың 01 қыркүйектегі № 62 бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылды.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған. 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4 қосымшалары жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғарғы оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру аясында кешенді жоспары жасақталған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие

жұмысының жоспарына сәйкес іс-шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға жетілдіру негізінде «Төлеген» ер балалар клубы, «Қыз Жібек» қыз балалар клубтары құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2023 жылдың 23 қыркүйек күні, 2024 жылдың 29 қыркүйек күні мектеп парламентінің сайлауы болып «Өзін-өзі басқару» ұйымы құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, дөңгелек үстелдер өткізілген. «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылып оқушылар арасында турнирлер ұйымдастырылған, «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» тақырыбында кездесу, «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі, «Тәңір сыйы - Тәуелсіздік» әдеби-сазды концертті мектептің әлеуметтік желісінде, «Тәуелсіздік жыр - әнім» атты мәнерлеп оқу сайыстары өткізілген. «Ата-анамның мамандығы» тақырыбында ата-аналар жұмысымен танысу, өмір қауіпсіздігін сақтану мақсатында өрт сөндіруші мамандарымен кездесу, «Қариясы бар бардың қазынасы бар», ата-аналар мен мектеп әкімшілігі және мектеп ұжымы біріккен топ «Тал егу», «Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу күні» акциялары, «Жолда жүру апталығы», «Ұшқыр ой алаңы» логикалық сайысы, «Мамандық таңдау-маңызды шешім» тақырыбында кездесу кеші, «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» мақал-мәтелдер сайысы, «Ертегілер еліне саяхат» ертегілік қойылымдардан байқауы, «Өзін-өзі басқару» органының ұйымдастыруымен оқушылардың ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу, мақсат қоя білу қабілетін дамыту мақсатында шахмат ойынынан жарысы, «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар» атты тақырыпта пікірталас, «Тоғызқұмалақ - дау» тақырыбында отбасылық турниры, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Тарих беттерінен...» атты тақырыпта интеллектуалды сайыстары ұйымдастырылған. «Денсаулық күні» спорттық шаралар, «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында сурет көрмесі, «Дұрыс тамақтану», «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында әлеуметтік желілерде үндеу жарияланған.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» №591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240- VI) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы профилактикалық кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша ішкі істер бөлімінің есебінде оқушы анықталмаған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023

оқу жылы бойынша сынып жинағы –34; 2023-2024 оқу жылы бойынша – 32 сынып жетекші, 2024-2025 оқу жылы бойынша – 33 сынып жетекші тағайындалған. 2022 жылдың 31 тамыздағы мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» №39 бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2022 жылдың 31 тамыздағы мектеп директорының «Бірлестік сынып жетекшісін тағайындау туралы» № 39-1 бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Асимбетова Лиза Қуанышқызы тағайындалған. 2023 жылдың 1 қыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік сынып жетекшісін тағайындау туралы» № 50 бұйрығы негізінде бірлестік жетекшілері болып Жұмабек Э.Ж - 1-4 сыныптар, Жугунусова Г- 5-6 сыныптар, Берниязова Б -7-8 сыныптар, Дуйисова К.Е. - 9-11 сыныптарға тағайындалған. 2024 жылдың 29 тамыздағы мектеп директорының сынып жетекшілер №137/1 бекіту бұйрығымен тағайындалды.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	34	26	8
2023-2024 оқу жылы	32	27	5
2024-2025 оқу жылы	33	28	5

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары I, II санатты	Педагог
2022-2023	9	3	12	-	2	10
2023-2024	9	6	8	-	1	8
2024-2025	10	6	8	-	1	8

12.4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрпөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту». 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу».

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы елімізді жаңартатын “Қағидамыз - әділдік, тірегіміз - жауапкершілік, мақсатымыз - өрлеу” ұстанымына негізделді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі бағыты бойынша жүзеге асырылған.

«Мектептің өзін-өзі басқару» жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челленждеріне орай бейнероликтер түсіріліп, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» акциясы, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Алтын жүрек», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған.

“Қамқор” жобасы, “Шабыт” жобасы, “Еңбегі адал - жас өрен” жобасы, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. “Балалар кітапханасы” жобасы, “SMART BALA” жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді. «Ертегілер еліне саяхат» ертегілік қойылымдардан байқауы, «Қызық екен» интеллектуалдық сайысы, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» интеллектуалды сайысы, «Бақыт кілті қолыңда» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілген.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккроссинг - кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылында Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптарымен толықтырылған. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылында «Оқитын отбасы» тақырыбында бейнероликтер, «Сүйікті кітабыммен селфи» атты акциясы, «Кітап оқу сәні», «Біз оқитын 30 кітап», «TEDX» шарасы, «Отбасымен қосылып кітап оқу» тақырыбында кітап оқу сағаттары өткізілген. 2024-2025 оқу жылында “Балалар кітапханасы” жобасы бойынша Ұлттық кітап күніне және Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Ақтөбе қаласында ерекше шара өтті. Аталған шараға мектеп оқушылары қатысты.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және профилактикалық кеңестің алдын алу мақсатында «Қатыгездік пен зорлық - зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы - адам құқығы» онкүндіктері, «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. «Абайлаңыз балалар!» атты тақырыбында жолда жүру апталығы, «Мектептегі мінез-құлық ережелері», «Жолда жүру ережесін сақтау» тәрбие сағаттары, сонымен қатар жергілікті полиция қызметкерлерімен кездесулер, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылдары «100 жаңа есім», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық қолөнер - ұлы мұра», «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбында сынып сағаттары, гостраномиялық туризмді жаңғырту ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында «Ұлттық тағамдар», «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыптарында сынып сағаттары, «Кесте тігу өнері» тақырыбында шебер класс, «Boursak party», «Dombura party» челленждері, дәстүрлі Этнофестиваль ұйымдастырылған. «Менің Отаным Қазақстан», «Анаға сәлем» атты тақырыпта мерекелік шара, «Наурызым - ұлыс берекем!» тақырыбында мерекелік кеш, «Тұсау кесу», «Бесікке салу» дәстүрі, «Ақ орамал» акциясы өткізілген.

2023-2024 оқу жылында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы бойынша 4 тоқсанға 4 өнер, 9 айға 9 іс-шара жобалары бойынша жұмыстар жүргізілді. 4 тоқсанға 4 өнер жобасы аясында “Ұлттық өнер” көрмесі атты облыстық семинар өткізілді.

2024-2025 оқу жылында Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыруға негізделген. Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар: 1) “Қамқор” жобасы; 2) “Шабыт” жобасы; 3) “Еңбегі адал - жас өрен” жобасы; 4) “Ұшқыр ой алаңы” жобасы; 5) “Балалар кітапханасы” жобасы; 6) “SMART BALA” жобасы. Бағдарламаны кешенді іске асыру нәтижесінде осы алты жобалар аясында облыстық семинар өтті.

«Еңбек - елдің мұраты» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Менің таңдауым», «Мамандығым-мақтанышым», «Болашаққа бағдаршам», «Кәсіптік бағдар беру», «Мамандық таңдау - оңай шешім» тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер, «Мұндай мамандық бар» презентация конкурсы, «Жарнама жасау өнері» ойыны, «Әр түрлі және қажетті мамандықтар» тақырыбында мамандармен кездесулер өткізілген. 2024-2025 оқу жылдары “Тілім менің ғасырларға аманат” атты (Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай) апталығы өтті. “Отбасы тәрбиенің алтын бесігі” челленджі сыныптан тыс іс-шара өтті. “Еңбегі адал - жас өрен” жобасы бойынша мамандықтар әлеміне саяхат, “Ұшқыр ой алаңы” жобасы бойынша “Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді” адалдық сағаты, “Қамқор” жобасы бойынша “Қоғамға қызмет ету” волонтерлық қызмет жұмыстары жүргізілді.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем-қоғам қуаты» жобалары бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары «Эко сағатты бүгіннен баста», «Су-сен өмірсің», «Экологиялық орта», «Табиғатты сақтау - өмірді сақтау» тақырыптарында сынып сағаттары, «ЭКОstart» жобасы аясында қалдықтарды бөлек жинау акциясы, «Сақ болсаң, сау боласың!» тақырыбында марафон, «Жасыл мекен» челленджі, «Таза табиғат», «Ең таза, гүлденген класс» тақырыбында сыныпаралық сайысы, экологиялық акциялары ұйымдастырылған.

2023-2024 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 9-айға 9-іс-шара және төрт тоқсанға төрт өнер өткізілді

Қыркүйек	Сергіту сәті
Қазан	Әнұран
Қараша	Асық ату
Желтоқсан	Шығарма жазу
Қаңтар	Қазақ есебі
Ақпан	Оқуға құштар мектебі
Наурыз	Домбырашылар
Сәуір	Шахмат ойнау
Мамыр	Жасыл мекен
Төрт тоқсанға төрт өнер	
Ақындар айтысы	
Асық ойнау	
Ұлттық өнер көрмесі	
Туған өлкем фестивалі	

2024-2025 оқу жылында Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру негізделген. Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар: 1) “Қамқор” жобасы; 2) “Шабыт” жобасы; 3) “Еңбегі адал - жас өрен” жобасы; 4) “Үшқыр ой алаңы” жобасы; 5) “Балалар кітапханасы” жобасы; 6) “SMART BALA” жобасы. Бағдарламаны кешенді іске асыру нәтижесінде осы алты жобалар аясында облыстық семинар өтті.

Білім алушылардың шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме секцияларға қатысуы:

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытында тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп азаматтық-патриоттық, ұлттық-спорттық, көркем-эстетикалық, дебаттық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секциялар саны	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	Пайызы
2022-2023 оқу жылы	9	348	47
2023-2024 оқу жылы	10	451	62
2024-2025 оқу жылы	10	502	72

2022-2023 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

1. Волейбол –Андиров А
2. Футбол –Бердіғалиев А .
3. Футбол-Бердібекұлы М
4. Тоғызқұмалақ – Құдайсүгіров Е
5. Футбол-Қасымқызы Т
6. Дебат –Қалабаева А
7. Хореография – Сафина С.
8. Вокал-Утебасов А
9. Баскетбол-Керибаев Ж

2023-2024 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

1. Волейбол – Андиров А.
2. Баскетбол –Керибаев Ж
3. Тоғызқұмалақ –Қасымқызы Т
4. Футбол-Бердіғалиев А
5. Футбол-Бердібекұлы М

6. Хореография –Сафина С
7. Вокал –Утебасов А
8. Гандбол – Құдайсүгіров Е
9. Дебат –Назарбаева Г
10. Жауапты тұтыну және өндіріс – Аққожина Р

2024-2025 оқу жылы бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге үйірмелер берілген:

- 1.Волейбол – Андиров А.
- 2.Баскетбол - Бердіғалиев А
- 3.Тоғызқұмалақ –Сафина С
- 4.Футбол-Бердіғалиев А
5. Футбол-Бердібекұлы М
- 6.Домбыра –Азиева Ж
- 7.Вокал –Утебасов А
8. Гандбол – Орынбай Р
9. Дебат –Назарбаева Г
- 10.Жауапты тұтыну және өндіріс – Аққожина Р

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:

Үйірмелер, секция, клубтар	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Спорттық	3	2	1	-
Шығармашылық байқаулар	9	5	10	7
Дебат	1	-	-	-
БАРЛЫҒЫ				

2022-2023 оқу жылында ұйымдастырылған Халықаралық байқауы ,«Карамель дэнс» би тобы «Гран при» иегері; «Жас дарын 2023» Республикалық Фестиваль байқауы,«Карамель дэнс» би тобы ІІ,ІІІ дәрежелі лауреат, «Арт Фестиваль 2024» ,«Карамель дэнс» би тобы Республикалық фестиваль байқауында «Карамель дэнс» би тобы өнер көрсетіп ІІ,ІІІ дәрежелі лаурет иеленді. «БАЛА ДАУЫСЫ - 2022» Балалар жылына орай ұйымдастырылған қалалық ән байқауы ІІІ-орын, «Жұлдыздар әлемі» Республикалық шығармашылық көпжанрлы конкурс-фестивалі ІІ-орын, «XXІІ ҒАСЫР ДАРЫНДАРЫ» Республикалық балалар және жастар шығармашылық фестивалі І-орын, «НОВАЯ ЗВЕЗДА XXІІ» Международный открытый конкурс-фестиваль І-орын, «TALANTTAR SYR SHERTEDI» Республикалық балалар және жастар шығармашылық байқауы ІІ-орын, «Talanttar Алемі» Халықаралық шығармашылық көпжанрлы конкурс-фестивалі ІІ-орын, «ZHAS TALANT» Халықаралық шығармашылық фестиваль-байқауы бас жүлде, ІVРеспубликалық балалар және жастар шығармашылық байқауы Хор номинациясы бойынша І-орын, «Ақ маңдайлым» атты Роза Бағланованың 100жылдығына орай ұйымдастырылған қалалық байқау ІІ-орын, «DARYNDAR SAZY» Халықаралық

өнер фестивалі І-орын, «Поэзия меніменен егізбе еді» атты Мұқағали Мақатаевтың шығарма-шылығына арналған қалалық байқау ІІ-орын, ART фестиваль 2023 Международный творческий конкурс-фестиваль ІІ-орын, «DARYN» Республикалық көпжанрлы шығармашылық байқауы І-орын, «Мы ищем таланты» ІІ Республикалық шығармашылық көпжанрлы конкурс-фестивалі ІІ-орын, «Жеті өнер» VII Халықаралық шығармашылық фестивал – конкурсы І-орын.

«Таланттарды бірге ашамыз» жобасы аясында ұйымдастырылған «Жұлдыздар жарқырайды» атты облыстық конкурс-фестиваль І-орын, «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы. «Super дуэт» атты патриоттық әндер байқауы І-орын, «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы. Қазақтың суретшісі Г.Исмайлованың 94 жылдығына арналған «Өнер-әлемі» атты облыстық өнер-фестивалі ІІІ –орын,

«Қарттарым-асыл қазына» Республикалық балалар және жастар шығармашылық байқауы ІІ-орын, «Менің Қазақстаным» Республикалық балалар және жастар шығармашылық байқауы ІІ-орын,

«Алтын күз» Республикалық балалар және жастар шығармашылық байқауы ІІ-орын, «Мың бала» Республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Абай оқулары» байқауы ІІІ-орын,

«Ақ көгершін» балалар қорының ұйымдастыруымен «Золотая осень» республикалық конкурс-фестивалі ІІІ-орын, «Balbulaq» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы ұйымдастыруымен «Жып алыбы Жамбыл» Республикалық өнер-байқауы ІІ-орын, «Тәуелсіз Қазақстаным» Республикалық балалар және жастар шығармашылық байқауы І-орын, «Мың бала» Республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Мағжан оқулары» байқауы ІІ-орын,

«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» Республикалық балалар және жастар шығармашылық байқауы ІІ –орын,

Қазақстандық Юнеско клубтар федерациясы қолдауымен Аутизм проблемасы туралы бүкіләлемдік ақпарат тарату күніне орай ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында ұйымдастырылған «Балдаурен» республикалық фесиваль-конкурсы ІІІ-орын, «Мың бала» Республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Абай оқулары» байқауы І-орын, Қазақстандық Юнеско клубтар федерациясы . «Бозторғай -2024» аймақтық заманауи эстрадалық әндер байқауы

І-орын, Қазақстандық Юнеско клубтар федерациясы. «Бозторғай -2024» аймақтық заманауи эстрадалық әндер байқауы сертификат,

«Balbulaq» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы ұйымдастыруымен «Ұлы дала рухы» VI-Халықаралық өнер-байқауы І-орын, ІІІ-Халықаралық балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Golden Star» өнер-байқауы гран-при «Ұшқыр ой» дебат

клубы қалалық кезең Алғыс Хат иелеген.

2023-2024 оқу жылында қалалық кезең тоғызқұмалақтан І орын, облыстық кезеңнен ІІ орын; Қалалық 7-8 сынып ер балалар арасында Алғыс хат, Облыстық волейболдан ер балалар арасында IV орын иеленген. Қалалық кезең шахматтан Алғыс хат; облыстық кезең жас суретшілер байқауынан І орын; «Favourite» дебат

клубы облыстық кезеңнен III орын, ал топ мүшесі Едіге Мөлдір үздік спикер атанды; Атырау қаласында өткен таэквандодан I, II, III орындар иеленген.

2024-2025 оқу жылында облыстық деңгейде «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы. Педагогикалық конкурс . Сертификат; Хор және ансамбльдер арасында өткен облыстық «Бәйтерек» байқауы. Алғыс хат; Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы. Музыка пәні мұғалімдер арасында өткен облыстық пәндік олимпиада. Сертификат; Облыстық «Ұлы дала мұрасы» атты әндер мен күйлер байқауы. Сертификат; «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Олимп шыңына жетелеуші» атты «Біз тәуелсіз ел ұландары» облыстық вокалды хор байқауы. Диплом; Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы. Музыка пәні мұғалімдер арасында өткен облыстық пәндік олимпиада. Бас жүлде; VI аймақтық балалар мен жасөспірімдер хор музыкасы чемпионаты. Диплом.

Республикалық деңгейде «Ұстаз ұлы тұлға» атты балалар мен жастар шығармашылық байқау. Диплом; «Қарттарым-асыл қазынам» атты балалар мен жастар шығармашылық байқау. Диплом; «Umit-2024» атты балалар мен жастар шығармашылық байқау. Диплом; «Balbulaq» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық байқау. Құрмет грамотасы; «Balbulaq» V Республикалық ұстақдар арасындағы өнер байқауы. Бас жүлде; «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы және «Үркер» зияткерлік орталығы. Пәндер бойынша педагогтар арасында өткен «ПолиМат» республикалық эвристикалық марафон. II-дәрежелі диплом; «Қазақстан қыран далам» атты Республикалық өнер байқауы. Құрмет грамотасы; Ақтөбе облыстық білім басқармасы және «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының қолдауымен «Ақжелкен-2024» балалар шығармашылығына арналған республикалық байқауы. Алғыс хат; «Тәуелсіз Қазақстан» атты балалар мен жастар шығармашылық байқау. Диплом; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Қазақстан достық мекен» атты республикалық фестиваль байқау. Диплом; «Қазақстан достық мекен» атты республикалық фестиваль байқау. Алғыс хат; «Мұқағали оқулары» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық өнер байқау. Құрмет грамотасы; «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Абай оқулары» конкурсы. Алғыс хат; «Ақберен» республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған 2024-2025 оқу жылының қаңтар-ақпан айындағы Республикалық "Мақатаев оқулары" конкурсы. Алғыс хат; «Umit-2025» атты балалар мен жастар шығармашылық байқау. Диплом; «Ақберен» республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған 2024-2025 оқу жылының наурыз-сәуір айындағы Республикалық "Абай оқулары" конкурсы. Алғыс хат; Қазақстан Ұлттық Юнеско клубтар федерациясы қолдауымен Аутизм проблемасы туралы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында «Балдаурен» республикалық фестиваль конкурс. Диплом; «Ғарышкерлер күні» атты балалар мен жастар шығармашылық байқау. Диплом; «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Абайтану» олимпиадасы. Алғыс хат.

12.5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 30.09.2022ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **86-қосымша** 10, 11 кластар үшін үлгілік оқу жоспары бойынша оқытылған. 10«А» сыныптары жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқытылған.

10«А» сыныптарында вариативтік оқу жүктемесі - 3 сағат, 1 сағаты «Жаһандық құзыреттілікке», 2 сағат элективті курстар: «XVIII-XX ғасырлардағы ұлт-азаттық көтерілістер» 1 сағат, «Жалпы биология негіздері» 1 сағат

11«А», 11«Ә» кластарында «XVIII-XX ғасырлардағы ұлт-азаттық көтерілістер» 1 сағаттан, «Математикалық сауаттылық: ойлау, болжау, дәлелдеу» аптасына 1 сағаттан оқытылған.

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 (ҚР ОА министрінің 30.09.2022 ж. №412) бұйрығымен **16-қосымша** 5-9 кластар үшін; 85, **86-қосымша** 10-11 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып жұмыс оқу жоспары әзірленген.

5-9 кластар үшін білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациясы таңдалған:

7 «А», 7«Ә», 7«Б», 8 «А», 8 «Ә», 9 «А», 9 «Ә» кластарында оқу пәндері: «Алгебра», «География» және «Қазақ тілі» таңдалған.

10-11 кластар ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 (ҚР ОА министрінің 30.09.2022ж. №412) бұйрығымен 85,86-қосымша бойынша үлгілік оқу жоспарымен оқытылады. Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компоненттер төмендегі ретпен бөлінді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсы 10«А», 10«Ә», 11«А» кластарында аптасына 1 сағат

Элективті курстарға 2 сағат берілген: 10«А», 10«Ә» кластарында «XVIII-XX ғасырлардағы ұлт-азаттық көтерілістер» аптасына 1 сағат, «Ғылым мен техникадағы физика» аптасына 1 сағат, 11«А» класында «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер» аптасына 1 сағат, «XVIII-XX ғасырлардағы ұлт-азаттық көтерілістер» аптасына 1 сағат

2024-2025 оқу жылына жазылған оқу жұмыс жоспарындағы ақпараттар негізінде зерделенді. Оқу жұмыс жоспарлары мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен және Ақтөбе қалалық білім бөлімінің басшысының келісімімен бекітілген. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп, бейінді оқытуды іске асыруда оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейіндегі бейіндік пәндер таңдалған. «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына ҚР ОА министрінің 26.10.2024 жылғы №323 бұйрығы бойынша 7-11 сыныптарда вариативтік компоненттер төмендегі ретпен бөлінді.

5-9 кластар үшін білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациясы таңдалған:

7 «А» класында «Химия», «Физика» және «Қазақ тілі», 7«Ә», 7 «Б» кластарында «Химия», «Биология» және «Қазақ тілі», 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» кластарында «Алгебра», «География» және «Қазақ тілі» таңдалған.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 11 сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыт таңдаған.

10«А» сынып білім алушылары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша сәйкес негізгі үлгілік оқу жоспарының жаратылыстану - математика бағытын, 10«Ә» сынып аталған бұйрықтың 85-қосымшасына сәйкес негізгі үлгілік оқу жоспарының қоғамдық-гуманитарлық бағытын таңдаған. 10«А», сыныбында вариативтік оқу жүктемесі - 3 сағат құрайды, оның 1 сағаты Жаһандық құзыреттілік, элективті курстарға «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер» 1 сағат, «Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия» 1 сағат курстары таңдалып, оқытылған.

10«Ә» сынып вариативтік оқу жүктемесі - 4 сағат, оның 1 сағаты Жаһандық құзыреттілік, элективті курстарға «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер» 1 сағат, «Іскерлік ағылшын» 1 сағат курстары таңдалып, оқытылған.

12.6 Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

2022–2023 оқу жылында үйден оқыту жұмысы 1 оқушымен жүргізілді.

2 «Ә» класс оқушысы Табылды Жақсыберген 2022-2023 оқу жылының 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 4-қосымша негізінде «Үй жағдайында жекелей түрде негізгі тегін оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығы және сол құжатта берілген оқу жоспары сағаттары басшылыққа алынды. ДКК-ң 26 тамыз 2022 жылғы №1692 қорытындысы бойынша шығарылған №38 орта мектебінің №121 бұйрығы (01.09.2022 жыл) негізінде 2«Ә» класс оқушысы Табылды Жақсыберген үйден оқытылды. 2-класс үшін белгіленген барлығы 8 сағат оқу жоспарына енгізілді. Аптасына 8 сағаттық жүктемемен үйде оқыту ұйымдастырылды. Оқу жүктемесіне сәйкес аптасына қазақ тілі- 1 сағат, әдебиеттік оқу-1сағат, ағылшын тілі 0,5 сағат , орыс тілі-0,5 сағат , математика- 2 сағат , жаратылыстану- 1сағат, эмоция әлемі-1сағат, қол моторикасы -1 сағат барлығы аптасына 8 сағат көлемінде оқытылды.

2023–2024 оқу жылында үйден оқыту жұмысы 1 оқушымен жүргізілді.

3 «Ә» класс оқушысы Табылды Жақсыберген 2023-2024 оқу жылының 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 4-қосымша негізінде «Үй жағдайында

жекелей түрде негізгі тегін оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығы және сол құжатта берілген оқу жоспары сағаттары басшылыққа алынды. ПМПК-ның 08 тамыз 2023 жылғы №36228 қорытындысы бойынша шығарылған №38 орта мектебінің №93/1 бұйрығы (01.09.2023 жыл) негізінде 3«Ә» класс оқушысы Табылды Жақсыберген үйден оқытылды. 3-класс үшін белгіленген барлығы 8 сағат оқу жоспарына енгізілді. Аптасына 8 сағаттық жүктемемен үйде оқыту ұйымдастырылды. Оқу жүктемесіне сәйкес аптасына қазақ тілі- 1 сағат, әдебиеттік оқу -1сағат, ағылшын тілі 0,5 сағат , орыс тілі-0,5 сағат , математика- 1,5 сағат, цифрлық сауаттылық -0,5 сағат, жаратылыстану- 1сағат, эмоция әлемі-1сағат, қол моторикасы -1 сағат барлығы аптасына 8 сағат көлемінде оқытылды. **2024–2025 оқу жылында** үйден оқыту жұмысы 2 оқушымен жүргізілді.

4 «Ә» класс оқушысы Табылды Жақсыберген 2024-2025 оқу жылының 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына 4-қосымша негізінде «Үй жағдайында жекелей түрде негізгі тегін оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығы және сол құжатта берілген оқу жоспары сағаттары басшылыққа алынды. ПМПК-ның 13 тамыз 2024 жылғы №1353 қорытындысы бойынша шығарылған №38 орта мектебінің №139/1 бұйрығы (02.09.2024 жыл) негізінде 4«Ә» класс оқушысы Табылды Жақсыберген үйден оқытылды. 4-класс үшін белгіленген барлығы 8 сағат оқу жоспарына енгізілді. Аптасына 8 сағаттық жүктемемен үйде оқыту ұйымдастырылды. Оқу жүктемесіне сәйкес аптасына қазақ тілі- 1 сағат, әдебиеттік оқу -1сағат, ағылшын тілі 0,5 сағат , орыс тілі-0,5 сағат , математика- 1,5 сағат, цифрлық сауаттылық - 0,5 сағат, жаратылыстану- 1сағат, эмоция әлемі-1сағат, қол моторикасы -1 сағат барлығы аптасына 8 сағат көлемінде оқытылды.

